

## Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушыларына мәжбүрлеу шараларын қолдану ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы N 52 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 28 наурызда тіркелді. Тіркеу N 4146. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 28 қарашадағы N 185 Қаулысымен.

**Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.11.28 N 185 Қаулысымен.**

"Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ**  
**Е Т Е Д І :**

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушыларына мәжбүрлеу шараларын қолдану ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

3. Сақтандыру нарығының субъектілерін және басқа қаржы ұйымдарын қадағалау департаменті (Каримуллин А.А.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына және "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

4. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Қ.М.Досмұқаметовке жүктелсін.

*Төраға*

Қазақстан Республикасы Қаржы  
нарығын және қаржы ұйымдарын  
реттеу мен қадағалау  
агенттігі Басқармасының  
2006 жылғы 25 ақпандағы  
N 52 қаулысымен бекітілген

## **Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушыларына мәжбүрлеу шараларын қолдану ережесі**

1. Осы Ереже " Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы ", " Сақтандыру қызметі туралы " Қазақстан Республикасының Заңдарына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамаларын бұзғаны үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушыларына қатысты мәжбүрлеу шараларын қолдану тәртібін белгілейді.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тұрақты қызметін қамтамасыз ету мақсатында уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) Заңның 53-1-бабында көзделген мәжбүрлеу шараларын ұйымының ірі қатысушыларына қолдана алады.

3. Бір мәжбүрлеу шарасын қолдану Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда басқасын қолдануды жоққа шығармайды және бұрын қабылдаған шаралардың қолданысын тоқтата тұрмайды және тоқтатпайды.

4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы уәкілетті орган оған мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы шешім шығарғаннан кейін он күнтізбелік күннің ішінде уәкілетті органның талаптарын орындау жөніндегі іс-шаралардың жоспар-кестесін қосымшасымен қоса, қажет болған жағдайда, басқа құжаттарды уәкілетті органға береді.

5. Уәкілетті орган жоспар-кестені қарайды және он күнтізбелік күннің ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысына өз қорытындысын б е р е д і .

Жоспар-кестемен келіспеген жағдайда, уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысына белгілі мерзімде нақты іс-шараларды орындау туралы нұсқау береді.

6. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы шешімде көрсетілген мерзімде уәкілетті органның талаптарын орындау жөніндегі шешімдердің орындалғаны туралы уәкілетті органға хабарлайды.

Егер шешімді орындау мерзімі бір айдан асып кеткен жағдайда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы оның кезеңді түрде орындалуы туралы уәкілетті органға ай сайын хабарлайды.

7. Уәкілетті органның шешімінде көзделген талаптарды сақтандыру ұйымы ірі қатысушысының орындау мерзімінің басталуы олардың осы шешімді алған күні болып саналады.

8. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамаларында айқындалған тәртіппен шешіледі.